



● **ӨНЕРДІҢ ҚАЗЫНАСЫ**



## Айтыс ақтангерлері

Кеңестік саяси идеология қанша жерден қақпайласа да, қазақ өнерінің шоқтығы биік жанры – айтысымыздың сағы сынбады. Қайта, қоғамның еділетсіздігін, ұлттық болмысымыздың езіліп-жанышталуын нысанаға тартылған жебе-сөз деп басып айтыты қынабынан суырылған алмас қылыш-тіл қақ жарып айтыты. Сол дәуірде ел алдына шығып, сүбелі

жырымен халқын сусындатқан бір шоғыр айтыс ақтангерінің есімі тарихымызда алтын әріптермен жазылды. Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілге "Қазақстанның халық ақыны" сол уақытта халық атынан берілген құрметті атақ еді. Тәуелсіздік алып, тоталитарлық жүйеден құтылдық-ау дегенде, қалың ел өзінің қазығына қайта оралып,

қазақылыққа бет бұрып, айтысқа құшағын айқара ашты. Сол тұста ұлттық идеяны ұлықтауда, салт-дәстүрімізді дәріптеуде, тағылымы мол тарихымызды тануда айтыс өнері өлшеусіз қызмет етті. Ұлтты дүр сілкіндіріп, ұйқысынан оятқан айтыс қоғамдық құбылысқа қолма-қол үн қосатын жауынгерлік жанрға айналды.



● **ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ҚУАТТЫ ҚАЗАҚСТАН**

## Астықты аймақ өнімі Астанада


### Қостанай облысының Елордадағы күндері

**Кенже ҚОНЫСБАЙ**

Өткен аптаның бай жұмасында Астанаға бет алған азық толы жүк көліктер тізбегіне сәт сапар тілеп аттандырған едік. Олар "Қуатты өңірлер – қуатты Қазақстан" атты өңірлердің бас қаладағы күндеріне жол жүрген болатын. Сол көш діндеген жеріне жетті. Елорданың ескі алаңында Қостанай облысының ауылшаруашылық жәрмеңкесін өткізіп қайтты. Бұл күні бас қалада тек Қостанай облысының күндері емес, қаланың екінші бөлігінде Оңтүстік Қазақстан облысының

күндері өткен-ді. Екі күндік жәрмеңкеге облыстың 14 ауданы мен 3 қаласынан 74 кәсіпорын қатысты. Астықты аймақтың саудагерлері Елордада азық-түліктің 100-ге жуық түрінен бас-аяғы 400 мың тонна өнім апарған болатын. Соның ішінде 53 тонна ет, 180 тонна картоп пен көкөніс, 14 тонна сүт өнімдері, 10 тонна шұжық өнімдері мен жартылай фабрикат, 15 тонна жарма мен макарон өнімдері, 13 тонна нан-тоқаш және кондитер өнімдері, 250 мың дана жұмыртқа және 45 тонна ұн бар.

Жәрмеңкені Астана қаласының әкімі Әсет Исекешев пен Қостанай облысының басшысы Архимед Мұхамбетов аралады. Тауарлардың сапасы мен бағасын қадағалап қайтты. – Біздің аймақтың жәрмеңкесі қалалық алаңда өтуі тиімді болып тұр. Бұл маңда зейнеткерлер, бюджеттік сала қызметкерлері көп тұрады екен. Сондықтан болар, азық-түлік өнімдерін артығымен сатып алды. Бір жағынан біздің өнімдеріміздің бағасы базар мен гипермаркеттерге қарағанда 15 пайызға арзандау. Сапасы да жоғары.





## Астықты аймақ өнімі Астанада

**1-бет** Сөз арасында айта кетейін, біз жәрмеңкемен ғана шектелмейміз деп отырмыз. Алдағы таңда да азық-түлік пен ауыл шаруашылық тауар өндірушілерімізді қалалық базарларға, гипермаркеттерге делдалсыз тікелей шығару үшін Астана қаласының әкімдігімен меморандумға қол қойылды, – деді Архимед Мұхамбетов.

Оның айтуынша, келесі аптада 10-15 ірі ауыл шаруашылық тауар өндірушімен азық-түлік өнімдерін бас қалаға тікелей жеткізу бойынша келісім жасалады.

Расында, жәрмеңкедегі тауарлар құны базарға қарағанда 15-20 пайыз төмен болды. Әсіресе, жылқының еті – 1100 теңгеден, ірі қараның еті – 950-1000 теңгеден саудаланды. Сәбіз, картоп, пияз секілді көкөністерді 50 теңгеден бағаланған еді. Елорда тұрғындары жылқы мен ірі қараның етін көптеп алды. Картопты қапшықтап алғандары жетерлік.

Сондай-ақ, елордадағы Қостанай облысының күндері аясында Орталық Коммуникациялар қызметінің баспасөз мәслихатында облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк



жергілікті журналистермен сұхбаттасқан болатын. Сонымен қатар, бұл кездесуге Қостанай облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Байбосын Мурзин, облыстық Мәдениет басқармасының басшысы Ерлан Қалмақов қатысқан еді. Олар өңірдегі әлеуметтік-экономикалық хал-ахуал туралы баяндады. Қазіргі таңда облыста еңсерілген ауқымды жұмыстарға екпін түсіріп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Мәселен, С.Карплюк өз сөзінде жыл соңына дейін 13 млрд. теңгеге облыстағы автожолдар жөнделетінін айтты.

– Автожолдардың жай-күйі қазіргі экономикаға үлкен ықпал етуде. Бүгінде олардың дамуына қыруар қаражат бөлінді. Біздің облыста да биыл 13 млрд. теңгенің жұмыстарын жүргізу жоспарланған, 7 млрд. теңге біздің облыс орталығына жұмсалады, – деп мәлімдеді әкім орынбасары.

Мысал ретінде Карплюк қыркүйек айында аяқталған Тобыл өзеніндегі көпірді қайта қалпына келтіру жұмыстарын атады. 10 айға жоспарланған 3 млрд. теңге мерзімінен бұрын игерілді. Облыс орталығын Ақтөбе облысымен жалғайтын 114 шақырым автожолдардың жобалық-сметалық құжаттамасын жасау да облыс үшін өте маңызды болмақ.

### ● БӘРЕКЕЛДІ!

## Орта мектеп гимназияға ауысты

Рудный қаласындағы №7 орта мектебі таза қазақ сыныптарынан құралған мектептердің бірі. Биылғы жылы орта мектеп гимназияға ауысты. Бір қуантарлығы, гимназияда таза қазақ сыныптары оқытылады. Қазақ тілінде ғана оқытатын гимназия саусақпен санарлық. Солардың қатарына біздің мектеп те кірді.

Гимназия оқушыларды бұрынғыдан да тереңірек оқытып, балалардың білімін биікке қарай шыңдатпақ. Ұстаздарымыз Назарбаев зияткерлік мектебінің "Тимді оқыту мен оқу" Қазақстан Республикасының педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсына оқыған.

Гимназия болуымызға бірден бір себеп мектепте беретін білімнің сапасы жоғары, ал екіншіден, басшыларымыз бен ұстаздарымыздың оқушыларын биіктен көрсете алуының арқасы. Мектеп заманға сай технологиялармен жабдықталған.

Анар ҒАЛЫМҚЫЗЫ,

№7 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

# Айтыс ақтангерлері

**1-бет** Ал кешегі күннің қысылтаяң-өліара сәттерінде асыл өнерімізді ардақтап, бабадан жеткен киелі дәстүрді әспеттеген аға буын ақындарға ізеттілік көрсетіп отыру жағы кемшін түсіп жататынын несің жасырайық. Олар айтысқа дүние үшін емес, саф өнердің жандануы үшін барын салды. Халықтың мерейін көтеру жолында қызмет жасады. Ешкімнен сый-сияпат күтпеді. Ол кездегі ақындар "көзден кеткесін көңілден де өшкендей" әсерге бөлеп жүретін.

Халықтың айтыс майталмандарын шынайы сағынғанына куә болдық. Астана қаласында өткен Қостанай облысы күндері аясында өңірміздің мәдениет басқармасы бастамасымен Елордадағы ұлттық мұражайда елге кеңінен танылмай үш бірдей халық ақынына құрмет көрсетілді. "Айтыстың ақтангерлері" атаумен өткен кешке Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбіл аға-апаларымызбен айтыс сүйер қауым жүздесіп, жылы-жылы естеліктер айтылды. Жырдан шашу шашылды. Біз төменде үш халық ақынының көрерменіне жолдаған ыстық сәлемі мен көкейінде жүрген кейбір ойларымен бөліскенді жөн көрдік.

### Қонысбай Әбіл, Қазақстанның халық ақыны: Қостанай мен Торғай – егіз ұғым

Қостанай облысы басшылығының үш халық ақынының халықпен кездесуін ұйымдастыруы – өнерге, мәдениетке көңіл бөлуі деп түсінемін. Шыны керек, бізді де іздейтін адамдар бар екен ғой деп қуанып қалдық. Астанаға азық-түлігімен артынып-тартынып келген Қостанай облысы азаматтарының, атқарған жұмыстарының пайыздарымен таң қалдырмай, өздерінің иманилық іс-шараларымен, көрегендіктерімен қуантқандарына шүкіршілік айтамын.

Қостанай – атақты өлке. Сырт жерде жүріп атын атасаң басқа елдің адамдары танып жататындай берекелі де құйқалы өңір. Тарихтан да оқып жүрсіздер, Торғай ашылып-жабылып жатқан кездің өзінде аттары бірге аталып, біте қайнасып кететін. Торғай екінші рет жабылғанда менің:

"Қостанай қай кезде де жанашырым, астына алды тағы қанатының. Баладай болып тұрмыз шешесі өліп, Қолына келген ұлы анасының" деп айтқаным бар еді.

Бұл сөзім бекер емес. Осы Қостанайдан екі рет енші алып шықты біздің Торғай. Сондықтан Қостанай бізге бөтен емес. Торғай мен Тобыл өзендері қатар ақса, Нұрхан мен Нұржан секілді ақындар да бірге аталады. Мал шаруашылығы мен астық жөнінен Қостанай қашаннан республикада өз орны бар аймақ. Сол себепті қандай мақтауға да лайық.

### Әсия Беркенова, Қазақстанның халық ақыны: Руханиятқа көңіл бөлген басшыға айтар алғысымыз шексіз!

Біздің қуатымыз ішіп-жегенімізде, тамағымыздың тоқтығында, дастарқанның молдығында емес қой. Қуатты болу үшін жаның шуақты, рухың асқақ болуы керек. Сондай-ақ руханият, әдебиет пен мәдениет, өнерің биік болуы міндет. Сондықтан



өзге өңірлерден біздің ерекшелігіміз: Қазақиядағы үш халық ақынын әспеттеуі. Ол үш ақынның екеуі – қостанайлық: біреуі Қонысбай Әбіл, екеншісі мен. Ал үшіншісі шырайлы оңтүстіктің ақын қызы – Әселхан Қалыбекова. Былтыр біз шығармашылық көшімізді Шымкент пен Қостанайда өткіздік. Осы жолы да көшеде даңғырлатып би билеп, даңғазаға ерік бермей, астананың төрінде, руханиятқа сүбелі үлес қосуға мүмкіндік жасаған Қостанай облысы әкімі Архимед Бегежанұлына алғысым шексіз. Айтыс, құдайға шүкір, күнде телеэкраннан беріліп жатыр. Бірақ, ақындардың айтыстағы өмірі, айтыстан кейінгі тыныс-тіршілігі көп ескеріле бермейтіні шындық. Олардың ғұмырынан келер ұрпақ үлгі алар белес бар ма екен деген ой көпшілікті неге мазаламасқа? Бүгіндері біз өнердің сахнасында жүрмегенімізбен, өнерлі өрендерді тәрбиелеп, оларға жол көрсетіп жатқандығымыз жөнінде есеп беруге осы кеш ұйымдастырылып отырған секілді. Бұл кеш көрермендердің көкейіндегі сұрақтарға жауап беруімен есте қалары анық.

### Әселхан Қалыбекова, Қазақстанның халық ақыны: Бүгінгі ақындар біз секілді халықтың сүйіктісі бола алмайды

Оңтүстік пен Солтүстіктің арасына Әсия Беркенова мен Әселхан Қалыбекова алтын көпір болды. Біз екеуміз бір жылда, бір айда, бір күнде өмір есігін ашқан құрбылармыз. Мемлекет басшыларының бір бұйрығымен бір күнде "халық ақыны" аталғанымыз тағы бар. Оны да бірге дүркіретіп тойлағанбыз. Осының бәрін ескеріп, қостанайлықтар мені арнайы шақырып отыр деген ойдамын. Менің келмесіме қоймай, қайта-қайта қоңыраулатып, маған деген пейілдерін көрсеткендеріне дән ризамын.

Бүгінгі ақындарды ақша дәріптеп жатыр ғой. Біздерді кезінде алғыс хат, халықтың ықыласы аспанға көтеріп тастайтын. Сол халықтың ниетінің арқасында әлі күнге ел есінде жүрміз. Қазіргі ақындар ақшаның жүзін көріп айтысқасын болар, қадірлері соншалықты асып тұр дей алмаймын. Олар бәрібір біз секілді халықтың сүйіктісіне айнала алады деу қиын.

Нағашыбай ҚАБЫЛБЕК,  
Астана қаласынан арнайы "Қостанай таңы" газеті үшін.

### ● РЕДАКЦИЯДА ҚОНАҚТА

## Газет әлеміне саяхат

Гүлназым САҒИТОВА

Мамандықтың жаманы жоқ, бәрі де жақсы, тек қалауың өз еркінде. Осы тұрғыдағы еңгімелер газетіміздің қонағы болған бір топ оқушылар мен облыстық "Қостанай таңы" газетінің бас редакторы Жанұзақ Аязбеков арасында өрбіді.

Сөз өнері, журналистика әлемінде, "Ауыл"- "Қостанай таңы" газетінің бастауында М.Сералин, Б.Майлин өздерінің бірегей қолтаңбаларын қалдырған бүгінгі облыстық "Қостанай таңы" газетінің тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында Әулиекөл ауданындағы "Достық" балалар шығармашылығы үйінде жаңадан ашылған "Журналистік шеберлік" студиясының оқушылары қонақта болды.



– Үстіміздегі жылы ашылған "Журналистік шеберлік" студиясында он сегіз оқушы тәлім алады. Әдебиетке енді ғана талпынып, қадам басып келе жатқан оқушыларымыздың жазғандары өзінше балаң, бірақ өнерге деген құлшыныстары басым. Сондықтан облысымыздың қазақ тіліндегі "Қостанай таңы" газеті редакциясына алып келіп, ағалары мен әпкелерінің жұмыстарымен

таныссын, хабардар болсын, өздері білсін, көрсін деген оймен келдік, – дейді қосымша білім беру мұғалімі Нұржамал Құлтаева.

Оқушылар газет редакциясының ішкі жұмысымен, яғни редакциядан оқырманға дейінгі аралықта газеттің дайын күйінде оқырмандарға жету аралығындағы жұмыс кезеңдерімен танысты. "Қостанай таңы" газетінің редакторы Жанұзақ Аязбеков оқушыларға газеттің тарихы туралы, тілшілер жайлы, сол секілді жақсы журналда болу үшін, мамандық таңдауда ең алдымен адам бойында өз ісіне деген қызығушылық, жақсы көру, талапшылдық, жауапкершілік деген секілді қасиеттер болу керектігін қысқаша айтып берді. Оқушылар да өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды.

# Қайраткерге деген құрмет

Қыдырбек  
ҚИЫСХАНҰЛЫ

Әуликөл ауданының орталығында көрнекті мемлекет қайраткері, Қазақстан тарихында Вице-президент деген бірден-бір лауазымдық қызметті атқарған Ерік Асанбаевқа арналған мемориалдық тақтаның ашылуы болды. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған салтанатты шараның аты аңызға айналған тұлға оқыған білім ордасы – Сұлтан



Баймағамбетов атындағы мектепте өткенін айта кетейік. Оған елімізге танымал зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, облысымыздың әр өңірінен келген ақсақалдар, орта буын мен оқушы жастар, марқұмның туыстары, ұрпақтары қатысты. Жиналғандар алдымен мектеп ішінде ұйымдастырылған көрмені таныс болды.

Көрнекті тұлғаға ескерткіш тақта орнату келешек ұрпақ үшін ұлағатты тәрбие болары анық.

– Бірнеше жыл Әуликөлде тұрып, Сұлтан Баймағамбетов атындағы мектепте оқығанын келешек ұрпақ, әсіресе, осы оқу ордасында білім алған шәкірттер әрдайым мақтан тұту керек. Туған халқына, Отанына өлшеусіз қызмет еткен тұлғаның еңбегі елеусіз қалмай, «Құрмет белгісі», «Отан», Пдәрежелі «Барыс» ордендерімен және медальдармен марапатталды. Мен де аудан басшысы ретінде ғана емес, осындай ірі мемлекет қайраткер туған ауыл – Байғабылда дүниеге келгенімді зор мақтаныш етемін, – деді Әуликөл ауданының әкімі Жансұлтан Тәуекенов.

Облысымыздың құрметті азаматы, тәуелсіздік алған алғашқы жылдары өңіріміздің тізгінін ұстаған Кенжебек Үкин заманында Ерік Асанбаевпен бірге жұмыс атқарды. Ел ағасы Ерік Мағзұмұлының алдына талай барғанын айтады. Тоқсаныншы жылдардың басында Вице-президенттің облысымызға сапарлай келгені бар екен. Сол заманнан естелік болып қалған фотосуретті Кенжебек Үкіұлы жеке мұрағатынан тауып алыпты. Бүгін сол жансыз бейнені жергілікті мұражайға сыйға қалдырды:

– Бойына біткен қасиеті, терең білімі, экономика саласының білгір маманы, саясаткерлігі дербес ел болғанда жаңа қырынан танылды. Қалай болғанда да, Мемлекет басшысының сенімді серігі ретінде бір командада жас республика қалай дамиды, қайда барады, қандай жол табамыз деп, алдағы жылдарға арналған үлкен стратегияны жасап шығаруға зор үлесін қосқан тұлға. Мұндай стратегиялық бағдарлама дайындау кез келген мемлекеттік лауазым иесінің қолынан келе бермейтін шаруа. Өзіміздің төл теңгемізді шығару туралы ұсыныс айтқандардың бірі де – Ерік Мағзұмұлы болатын. Ол заманда Жоғарғы кеңесті басқару – үлкен жауапкершілік жүктейтін қызмет еді. Себебі, бәрін басынан бастап, жаңадан құру науқаны тұрды. Мемлекет басында тұрған істерді оңтайлы шешу жолында аянбай еңбек етті.

Қайраткер экономика ғылымының докторы атағын иеленіп қана қойған жоқ, осы салаға үлкен серпін әкелді. Заманында Мәскеуде студенттерге өз мамандығы бойынша дәріс берген адам. Айтпақшы, Ерік Асанбаев докторлық диссертациясын Мәскеуде қорғаған. Ғылыми еңбегін қорғаған кезде комиссияда отырғандардың бірде-біреуі ол кісіге

қарсы дауыс бермей, көпшілікті таң қалдырған екен. Екіншіден, ғылыми еңбектің көркемделуі жоғары деңгейде болғандықтан, ол КСРО Ғылым академиясының қорына үлгі ретінде сақтауға алыныпты. Осындай қабілеттілігінің арқасында Ерік Асанбаев өзін әлемнің ірі қаржы ұйымдарының жетекшілері алдында мойындата білді. Тұлғаның «Әлемдік өркеніетті дамыту мен қорғаудың концепциясы» деген үлкен еңбегінің барын біреу білсе, біреу білмейді. Ол туынды әлемнің басқа тілдеріне аударылып, азулы саясаткерлердің жоғары бағасын алды. Бұл жайында және қайраткердің басқа да дара қасиеті туралы бала күннен бергі досы, бүгінде еліміздің денсаулық саласына елеулі үлес қосқан Ысқақ Есірепов айтып берді. Әсіресе, ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойын атап өту алдында ЮНЕСКО басшылығымен келіссөз жүргізген халқының арда азаматы деп бағалауымыз керек деді:

– Тіпті, Ұлыбритания премьер-министрі Маргарет Тэтчер Ерік Асанбаевтың біліктілігіне тәнті болғаны соншалық, үйіне шақырып, қонақ қылған болатын. Сол кезде әлемдік БАҚ бұл оқиғаны «хаттамаға сөйкес келмейтін үрдіс» деп бағалады. Себебі, Ерекен өткен мен бүгінге ғана емес, болашаққа да баға беріп, бағдар жасап кеткен тұлға.

Мемориалдық тақтаның салтанатты



ашылуынан кейін барша алыстан-жақыннан жиналған ел азаматтары мемлекет қайраткерінің құрметіне жайылған асқа қатысты. Марқұмға құран бағышталды, Ерік Мағзұмұлы жайында жылы лебіздер, естелік әңгімелер айтылды. Бүгінгі шараны ұйымдастырып, істің бел ортасында жүрген Тарғын Әбенов игі шараға мұрындық болған аудан басшылығына, жанашыр азаматтарға айрықша алғыс білдірді.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Ерік Асанбаевтың өмірлік жары Луиза Жамбылова Әуликөлдің бір көшесіне қайраткердің есімін беру туралы ұсыныс жасап, киелі мекенге келген болатын. Тағдырдың жазғаны болар, Луиза анамыз сол қуанышты көре алмай кетті – көше атауы берілуден бір ай бұрын дүние салды. Бірақ тойлы күндерге куә болу ол кісінің ұрпақтарына жазылып отыр.

Бүгінгі салтанатты жиынға келген қайраткердің тұңғышы Мақсұт Ерікұлы жалпы, Асанбаев әулеті мен олардың туыс-туғандарының өте қилы тағдыры жайында аз-кем әңгімелеп берді. Ерік Асанбаевтың әкесі Мағзұм өткен ғасырдың отызыншы жылдары Түркісіб темір жолы мектептерінің бөлім бастығы қызметін атқарыпты.

– Сол дәуірдегі Түркісіб жүйесіне еліміздегі барлық білім мекемелерінің тоқсан пайыздан астамы кіреді екен. Сталиндік саяси қуғын-сүргін атам Мағзұмды айналып өтпейті – 1937 жылы қамауға алынып, келесі жылы ақпан айында ату жазасына кесілген. Ал анамыз Луизаның әкесі Әбушахман Жамбылов та заманында үлкен лауазым иесі – Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Бұл тұлға да НКВД құрығынан құтылмаған жан. Айтпақшы, кейін архив құжаттарында көрсетілгендей, екі азамат та Алматыда бір абақтыда отырған екен. Мағзұм атамыз 1938 жылдың ақпан айында, ал Әбушахман Жамбылов араға он күн, екі аптадай уақыт салып атылып кеткен. Екеуі де Алматы түбінде қуғын-сүргін құрбандарын көмген шұңқырда бірге жатыр, – деді Мақсұт Ерікұлы.

Осыған қарап-ақ, болашақ мемлекет қайраткері мен оның аяулы жарының балалық шағы өте ауыр болғаны айтпаса да түсінікті. Әсіресе, Луизаның анасы Рабиға да еш негізсіз тұтқындалып, бір жыл қапаста отырып шыққанша, қаршадай қыз балалар үйіне өтіп кеткен. Рабиға түрмеде ретін тауып атақты мемлекет қайраткері Надежда Крупскаяға хат жазады. Ол хат өте жасырын түрде таныстары арқылы Крупскаяның қолына тиіпті. Зиялы жанның араласуынан кейін Жамбыловтың келіні абақтыдан босап шығыпты, бірақ онда да жер аударылып кеткен. Көп ұзамай, ол жақ, бұл жақтардан сұрастырып жүріп, қызы Луизаны тауып алады.

Міне, шиеттейінен осындай қайғылы ауыр күндерді басынан өткерген Ерік пен Луиза шаңырақ көтеріп, перзент сүйді, ұрпақ көрді, өсті-өнді. Ең бастысы, тәуелсіз қазақ елінің іргесін қалауға барынша атсалысты.

Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ЭКСПО-2017

# ӘЛЕМДІК ЖЕТІСТІКТЕР КӨРМЕСІ

**Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ**

Жақында ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев барлық облыс басшылары және Астана, Алматы қалалары әкімдерінің қатысуымен ЭКСПО-2017 көрмесіне дайындық және оны өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысын өткізді. Жиынға қатысушылар Астанадағы ЭКСПО-2017 көрмесіне әзірлік бойынша жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік органдардың жұмыс штабтарының жұмыс барысын қарастырды. Көрмені насихаттау, еріктілік қызмет, туристік пакеттер әзірлеу, Астанадағы нысандардың көрмеге келушілерді қабылдау дайындығы, астаналық әуежай терминалының құрылысы, қонақ үйлер қорының әзірлігі және логистика мәселелері талқыланды. Отырыс қорытындысы бойынша Премьер-Министр жауапты мемлекеттік органдарға ЭКСПО-2017 көрмесін өткізуге дайындық барысын бақылауға алуды және көрме нысандарының мерзімінде пайдалануға берілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ, "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" АҚ басқармасының төрағасы Ахметжан Есімов құрылыс жұмыстарының кестеге сәйкес жүргізіліп жатқанын және быыл жыл соңына дейін аяқталатынын мәлімдеді. Қазан айында павильондар халықаралық қатысушыларға, ал тұрғын үйлер делегация мүшелеріне берілетін болады.

Бұдан бөлек, А.Есімов 105 ел мен 17 халықаралық ұйымның көрмеге қатысатынын растағанын айтты. Арнайы секциялардың 98 комиссары тағайындалды.

"Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясының мәліметіне сенсек, көрмеге Қостанайдан 757 адам барады. Олардың 430-ы қонақ үйлерде тұрақтаса, қалғаны туыс-

туғандарына орналасады. Келушілерге барлық жағдай жасалған. "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" жүргізген сауалнама бойынша, Қостанай облысы тұрғындарының 82,6%-ы ЭКСПО туралы толық мәліметке ие.

Еске салайық, Өзбекстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Улугбек Розукулов Қазақстанға жасаған іс-сапары аясында Қостанай облысына арнайы келді. Өзбекстандық делегация ауылшаруашылық техникасын, жеңіл автокөлік, жеңіл және ауыр коммерциялық техника өндіретін кәсіпорындарының жұмыстарымен танысты. Сондай-ақ, Өзбекстан басшылары Қазақстанға сапары барысында Самарқан мен Бұхараны ЭКСПО-2017 көрмесінің қонақтарына арналған турпакетке қосу жайын талқылады. Басқосу барысында, алдағы ынтымақтастық пен техникалық мәселелер де қозғалды.

"Құрылыстың ауқымы мен сапасы таң қалдырады. Қазірдің өзінде көрменің шын мәнінде сәтті өтетіндігіне күмән жоқ. Өз тарапымыздан ЭКСПО-2017 аясында Самарқан мен Бұхараға арнайы туристік турларды ұйымдастыруға дайынбыз", - деді Улугбек Розукулов.

Қазіргі таңда, шетелдік туристер үшін Қазақстанның барлық өңірін қамтитын 73 маршрут әзірленген. Келесі жылы ЭКСПО-2017 көрмесіне 5 миллионнан астам келуші болады деп күтілуде.

## Жаңа жоба жүзеге аспақ

"Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы "National Geographic"-пен бірге арнайы жобаны жүзеге асыруда. Бұл туралы компанияның Ілгерілету және туризм департаменті директорының орынбасары Роза Асанбаева, "National



Geographic Traveler" бас редакторы Ольга Яковина және Ілгерілету және туризм департаментінің бас менеджері Даниал Сержанұлының қатысуымен болған баспасөз мәслихатында белгілі болды.

Арнайы жоба екі байқауды қосады. Бірі – "Қазақстан – жаңа ашылым уақыты", екіншісі – "Қазақстан – болашақ энергиясы".

"Қазақстан – болашақ энергиясы" фотобайқауы қыркүйектің соңында басталып, бір айдан астам уақыт жалғасады. Жеңімпаздың туындылары National Geographic-тің әлеуметтік желілерінде орналастырылады.

"Астана ЭКСПО-2017" көрмесін өткізу аясында: дәріханалар, төлем сервистері, ҚР бойынша турлар ұйымдастыру, баспахана, өндірістік, жөндеу қызметтері, ұйымдастырушылық техниканы жалға беру, фото және бейне түсірілімдер, жөндеу қызметтері, автокөлікті жалға беру, аударма қызметтері, киім тігетін орын, заң, консалтингтік қызметтер ұйымдастырылады. Күн сайын көрме аумағында концерттер, шоу, "Ұлттық күндер" шарасы және басқа ойын-сауық бағдарламалары өтетін болады.

Ұлттық компанияның коммерциялау департаменті жүргізген талдау нәтижесі бойынша, бүгінгі таңда көрме шеңберінде көрсетілетін 25-30 коммерциялық сервис бар. Әрбір пункт бойынша 3-6 компанияны іріктеу жоспарлануда. Бұл функцияларды қамта-



масыз ететін қызметкерлер саны – 5-10 мың адам. Коммерциялық сервистер бойынша ЭКСПО табысы 500 мыңнан астам еуроны құрайды деп болжануда.

ге сүйенсек, респонденттердің 91%-ы көрме туралы біледі және үштен екісі көрмеге баруға дайын.

Жалпы, ЭКСПО-2017-ге 300 мыңдай шетелдік келеді деп күтілуде. Сауалнама қорытындысы бойынша шетелдіктердің 65%-ы 3-5 мың теңге тұратын билеттерді сатып алады, көбіне қонақ үйлерде орналаспақ. Ше-

## Шетел турисінің портреті

ЭКСПО-2017 Статистика коми-



теті "Көрмеге келуші" портретін құрды. Оған дейін алдын ала сауалнама жүргізілген-тін. Нәтиже-

тел туристерінің көбі Бурабайға баруды жоспарлауда, аз бөлігі Ақмола және Қарағанды облыстарына, одан алыс өңірлерге шығатындар да сирек. Ал, қостанайлық 190 адам қазірдің өзінде Бурабайға билет алып қойған.

Халықаралық көрмелер бюросының талабына сәйкес, Қазақстан көрмені ұйымдастырушы ел ретінде халықаралық қатысушылардың тұратын орындарын қамтамасыз ететін болады. Қонақтарға 1300 пәтер қарастырылған. Жалпы, құрылыс жұмыстарына 300 техника мен 700 құрылысшы жұмылдырылған. Кешеннің жалпы ауданы – 173,4 гектар. Ал көрме аймағы – 148,5 га.

Шетел турисі Қазақстанда орташа есеппен 6 күн өткізеді, осы уақытта 64,2 мың теңге жұмсайды, яғни, шамамен күніне 11,3 мың теңгеге шақталады.

Шығындардың көп бөлігін халықаралық тасымалдар алады (36%). Тағы 18% азық-түлік емес тауарларға кетеді, оның аз ғана бөлігін киім-кешек және аяқ-киім (39%), кәдесыйлар мен сыйлықтар (27%) құрап отыр. Үшінші орында азық-түлік өнімдері, тағы 17% шығын кафе және мейрамханаларда жұмсалады.


Суреттер "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясының ресми сайтынан алынды.

Инфографикалар expo2017astana.com сайтының деректері бойынша жасалды.

### Қазақстандағы шетелдік турист портреті




Бір күндік шығындар (тг)	11 275
Күндер саны	6
Түндер саны	5



### ЭКСПО-2017 көрмесіне келуші портреті

Болжанатын шығын (тг/адам) 44 075



● "ҚАЗАҚСТАН-2050"



# Кәсіптің көзін тапқан

## әулиекөлдік іскер жандар аудан экономикасын өрістетуге септігін тигізіп отыр

мен қоса реті келгенше халықты да жұмыспен қамтамасыз етуді қалайды. Қазірдің өзінде бұларда алты адам тұрақты істейді. Жалақылары да жаман емес.

Сөзіміздің басында Әулиекөл өңірінде шағын кәсіпкерлікті дамытуға күш жұмылдырып отырған азаматтардың қатары көбейгендігін айттық. Солардың бірі – Сәбит Жайсаңов. Ол темірден түйін түйген азамат. Қолынан келмейтіні жоқ.

– Қолымыздан бірдеңе келген соң, жұртқа да пайдамыз тисін дедік. Сөйтіп, 2009 жылдан бері осы кәсіпті қолға алдым. Қарамағымда алты адам жұмыс істейді. Оған қоса биыл

Құсмұрын кентінен тағы бір мекемені алдық. Онда да алты адамға жұмыс тауып беріп отырмын. Тапсырыс жеткілікті, – дейді Сәбит Тыныштықұлы.

Сәбиттің сөзінің жаны бар. Біз мұнда келгенімізде, айналасы атшаптырым кәсіпорын ішінде жұмыс қыза түскенін байқадық. Дайын шарбақ, қоршаулар, дуал, қақпалар өз иелерін күтіп тұрғандай әсер қалдырады. Жұмысшылардың біртөбі келесі тапсырыстарды орындауға көшкен. Кейбіреулері шарбақтарды дәнекерлесе, енді бірі дайын өнімдерді сырлап жатыр.

Бір қызығы, Сәбит өз кәсібін ашқалы бері мемлекеттен несие алып көрмепті. Барлығын өз қаржысына салған.

– Әрине, Үкіметтің қолдауы керек. Қазір берсе де, жақсы болар еді. Алдағы уақытта кәсіпорынымды кеңейтіп, қосымша темір өңдейтін қондырғылар сатып алсам деймін. Бар мәселе, кепілдік мүлікке кеп тіреледі, – дейді Сәбит Жайсаңов.

Соған қарамастан іскер жігіт қол қусырып қарап отыру де-

генді білмейді. Қыстың күндері тапсырыс азайғанда бұл конькилерін балаларға жалға беруді әдетке айналдырған. Қолында 90 жұп конькиі бар. Арасында қайырымдық істерден де бас тартпайды. Жылда қарттарға көмектеседі. Аудан орталығындағы "Үміт" интернатының тәрбиешілеріне тегін қызмет көрсетеді.

Сәбиттің кәсіпорынында жалақының көшіктірілуі деген аты-

ына арқа сүйейді, – дейді бізге сұхбат берген аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Салтанат Жарасбаева.

Оның айтуынша, соңғы жылдары аудандағы "Атамекен-Қостанай" шағынқаржылық ұйымы" ЖШС облыстық кәсіпкерлер Палатасымен бірлесіп, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғаларға несие беруді дәстүрге айналдырған. Биылдың өзінде осындай 13 азаматқа бар-



мен жоқ. Сондықтан шығар, бұрын ауданнан көшіп кеткендер қайта оралып, бұрынғы жұмыстарына орналасқан. Солардың бірі – Василий Козуб есімді азамат. Қолынан келмейтіні жоқ. "Жұмысым өзіме ұнайды. Айлығым да отбасымды асырауға жетеді", – дейді кәнігі маман.

Жалпы, Әулиекөл ауданында 2012-2016 жылдар аралығында кәсіпкерлікті дамыту бағытында 17 жоба жүзеге асқан. Осы арқылы 67 жаңа жұмыс орыны ашылыпты.

– Жыл озған сайын шағын және орта кәсіпкерлік саласы жанданып келе жатыр. Өз кәсібімді ашып, шаруамды дөңгелентсем дейтін азаматтар баршылық. Олардың бәрі белгілі бір дәрежеде Үкіметтің қолдау-

лығы 27 млн.190 мың теңге несие беріліпті. Тағы да сегіз өтініш қаралып жатыр.

"Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған осындай қолдаудың арқасында біз жұмыс орындарының санын көбейтуге мүмкіндік алып отырмыз. Осы арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы біршама оңалды", – дейді Салтанат Жарасбаева.

Әулиекөл ауданы.

**СУРЕТТЕРДЕ:** кәсіпкер Аягез Байқасова Үкіметтің қолдауына дән риза; кәсіпкер Сәбит Жайсаңов өз кәсібін кеңейткісі келеді; аудандық кәсіпкерлік бөлімінің аға маманы Салтанат Жарасбаева.

Суреттерді түсірген автор.



Әлібек БЫБРАЙ

Соңғы жылдары Әулиекөл ауданында шағын және орта кәсіпкерлік саласы әжептәуір қарқын алған. Оны мына сандардан байқауға болады: өңірде 2212 кәсіпкерлік нысаны болса, соның 1751-і жекеменшіктің иелігінде. Аудан кәсіпкерлері егін егіп, мал өсіруден бөлек тұрмыстың сан саласын қамтитын кәсіп түрлерімен шұғылданады. Бірі ағаш өңдесе, енді бірі көлік жөндеу шеберханасын ашып алған.

Аягез Байқасованың кәсіпкерлікпен айналысқанына 10 жыл болыпты. Ол әуелде шағын дүкен ашса, келе-келе сауда орынын кеңейтіп, азық-түліктің ассортиментін арттырды. Кәсіпкер келіншек үстіміздегі жылдан бастап "Бизнестің жол картасы-2020" бағдарламасы арқылы қайтарымсыз грант ұтып алып, оған ет өңдейтін қондырғылар сатып алды.

– 2014 жылы мемлекеттің біз сияқты шағын және орта кәсіпкерлікке бет бұрып жатқан жандарды қолдау мақсатында бөлген грантын жеңіп алдық. Бұл шын мәнінде, үлкен көмек болды. Үкіметтен алған 1 млн.200 мың теңге қаржыға ет бөлшектейтін тоқ ара, ыстайтын аппарат, ет тартқыш, тоңазытқыш – сәре сатып алдық. Өзіміз бес жылдан бері етпен айналысамыз. Халықтан тапсырыс өте көп түседі. Әсіресе, қараша, желтоқсан айларында дамыл таппай-

мыз. Шағын болса да, цехта құс, балық, сиыр және жылқы етін ыстаймыз, – дейді кәсіпкер.

Сапалы өнім қашанда өтімді келеді. Бұларға көбіне жергілікті кафе, дәмханалар тапсырыс береді. Оның үстіне жұрт той жасайтын кезде Аягездің өнімдерін аттай қалап алатын көрінеді.

Байқасовтардың отбасылық бизнесі бүгінде аудан көлемінде кеңінен танымал. Қолы епсекті кәсіпкерге күйеуі, баласы көмектеседі. "Осы кезге дейін ешкімді ренжітіп көрген жоқпыз", – дейді



Аягез. Етті көбіне-көп халықтан сатып алады. Аудандағы ірі серіктестіктермен келісім-шартқа да отырған. Малдың сойысқа жарамдығы туралы анықтаманы да күні бұрын алады. Сөйтіп, өкелінген мал ет комбинатында сойылады да, цехқа жөнелтіледі. Дүкен сәресіндегі еттің бағасы аса қымбат емес. Мәселен, бір келі сиыр еті 1100-1200 теңге аралығында саудаланады. Бір жақсысы Байқасовтар өздері-

кәсібін ашқалы бері мемлекеттен несие алып көрмепті. Барлығын өз қаржысына салған.

– Әрине, Үкіметтің қолдауы керек. Қазір берсе де, жақсы болар еді. Алдағы уақытта кәсіпорынымды кеңейтіп, қосымша темір өңдейтін қондырғылар сатып алсам деймін. Бар мәселе, кепілдік мүлікке кеп тіреледі, – дейді Сәбит Жайсаңов.

Соған қарамастан іскер жігіт қол қусырып қарап отыру де-

● "ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ-2020"

## Игілігін ел көруде

Жакелдин ауданы, Жаркөл ауылдық округіне қарасты Тәуіш ауылында иесіз тұрған ғимараттарды қалыпқа келтіру жұмыстары өз нәтижесін беруде. Мәселен, "Жұмыспен қамту-2020" бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, Қаратүбек орта мектебінің жанынан "Балапан" шағын орталығы ашылып, пайдалануға берілді.

Ескі ғимаратты толығымен күрделі жөндеуден өткізіп, заманауи есік, терезе салып, төбешатырын ауыстырды. Сонымен қатар жылу жүйесі де қайта жаңарды.

Қазіргі уақытта жиырма бала тәрбиеленіп жатыр. Мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне риза болған ата-аналар алғыстарын жаудыртуда. Шағын

орталық ашылғаннан бері 9 адам жұмыспен қамтылған. Тәрбиешілердің сөзіне сүйенсек, шағын орталық талапқа сай қажетті заттармен жабдықталған. Әр ауылдағы осындай бос тұрған ғимараттар ел игілігіне жарап жатса, нұр үстіне нұр болады.

**Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.**  
Жанкелдин ауданы.



● ҚОЛЖЕТИМДІ БАСПАНА

# "БАСПАНАЛЫ БОЛУ ДА - БІР БАҚЫТ"

— дейді пәтерге қол жеткізген қоныстой иелері

**Карлығаш**  
**ОСПАНОВА**

Бүгінде өңірде дағдарысқа қарамастан тұрғын үй құрылысы қарқын алуда. Қазіргі таңда облыс бойынша жиырма мыңнан астам адам үйдің, ал он бес мың-

де кірсе-шыққысыз, кең әрі жарық, подъездері де мұнтаздай таза. Жайлы да жарық үйдің ауласы жақсы абаттандырылып, балалардың ойын алаңдары да орналастырылған. Баспананы тұрғызған "Сыл" мердігерлік компаниясының өнімді жұмысының арқасында қараша айында тап-



дай адам жердің кезегінде тұрған көрінеді. Осы пәтердің кезегін азайту мақсатында қазір Қостанай қаласының өзінде 16 үйдің құрылысы жүріп жатыр. Өткен айдың өзінде ғана облыс орталығында жүзге жуық отбасы баспаналы болса, енді міне жақында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында қаламыздағы Чкалов көшесінің бойында тұрғызылған үйден тағы да 70 отбасыға су жаңа пәтердің кілті табысталды. "Қолжетімді баспана – 2020" бағдарламасы аясында салынған бұл арендалық үйден баспаналы болғандардың дені тұрмысы төмен отбасылары мен мемлекеттік қызметшілер, атананың қамқорлығынсыз қалған балалар мен соғыс ардагерлері. Олар осы пәтерге қол жеткізу үшін он жылдан астам әкімдіктің үй кезегінде тұрыпты. Бес қабатты жаңа үй анадайдан көз тартады. Пәтерлердің іші

сырылатын үй мерзімінен бұрын тұрғындардың игілігіне жарап отырған көрінеді.

Он төрт жыл бойы пәтердің кезегінде тұрып, бір баспанаға зар болған Қамажай Сүлекешо-



ваның да көптен күткен арманы орындалды десек те болады. Қаламыздағы №4 емханада мейірбике болып жұмыс істейтін ол осы уақытқа дейін екі баламен пәтер жалдап, үйден-үйге көшіп келгенін де жасырмайды. Дегенмен, қоныстой иесінің медицина саласы мамандарына жағдай жасап жатқан Үкіметке де айтар алғысы шексіз.

— Елбасымыз халықты, соның ішінде көмекке мұқтаж азаматтарды қолдау жөнінде әрқашан айтып келеді. Көрсетілетін қолдаулардың бастысы баспанамен қамтамасыз ету. Бүгінде біздің Қостанайда да көптеген тұрғын үйлер салынып, қаншама адам баспаналы болып жатыр. Мен де медицина қызметкері ретінде 2002 жылы кезекке тұрған болатынмын. Жұрт қатарлы баспанаға қол жеткізгеніме әлі де сенер емеспін. Денсаулығым байланысты ауруханада ем қабылдап жатқан болатынмын, әкімдіктен хабарласып, екі бөлмелі

пәтер берілетіндігін айтқанда, қуаныштан ауруымды да ұмытып кеттім. Қатты қуанғаным сондай, сол күні-ақ көшіп алдық. Екі баламен бірге көңіліміз толып жатыр, сапалы салынған, — дейді жаңа үйдің тұрғыны Қамажай Бисембайқызы.

Бірнеше жыл пәтердің кезегінде тұрған Гүлсім Сейдалина да баспаналы болып, қуанышқа бөленіп жатыр. Ол кісіге аренда-

ана ретінде пәтердің кезегінде тұрып келдім. Осы уақытқа дейін ай сайын пәлен мыңға пәтер жалдап келген едік. Өзім балабақшада тәрбиеші болып істеймін. Жалақым да көп емес, әйтеуір әуірімдеп жеткізетінбіз. Қайсыбір проблемамды айта берейін, бәрінен де басыңда баспана болмаса қиын екен. Көптен күткен пәтерге қол жеткізіп, мәрәтсәре болып жатырмыз. Балконы



лық үйден бір бөлмелі пәтер бұйырыпты. Жиырма жыл бойы үйдің кезегінде тұрып, әйтеуір бір баспанаға қол жеткізген жалғызбасты ана осыған да шүкіршілік етеді.

— Әр адам үшін бүгінде баспананың басты бақытқа айналғаны жасырын емес. Өткен айда ғана жергілікті телеарнадан пәтер алып жатқандарды көргенде, бізде бір пәтерге қол жеткізсек қой деп армандаған едік. Ауылдан екі баламен келіп, осында өмір сүріп жатқанымға жиырма жылдан асты. Содан бері жалғызбасты

жоқ болса да, осыған қанағат дейміз. Әйтпесе, балконсыз болса да бір үйге зар болып жүргендер қаншама. Біз сияқты жалғызбасты аналарды жерде қалдырмай, пәтермен қамтып жатқан жергілікті басшыларға да айтар алғысымыз шексіз, — дейді Гүлсім Таңатқанқызы.

**СУРЕТТЕРДЕ: баспана бақытына кенелгендер.**

**Суреттерді түсіргендер Айбек ЖҮЗБАЙ, Бағдат АХМЕТБЕКОВ.**

● ДЕРЕК

## Қостанай облысындағы құрылыс қызметі

**2016 жылғы қаңтар-қыркүйекте құрылыс жұмыстарының орындалған көлемі, бағалау есебімен, 48,9 млрд. теңгені немесе 2015 жылғы қаңтар-қыркүйекке 70,6% құрды.**

Жалпы көлемнен 99,4% облыс бойынша құрылыс жұмыстарының айтарлықтай көлемі жеке құрылыс ұйымдарымен орындалған, мемлекеттік – 0,6%.

Құрылыстық жұмыстардың орындалған құрылымында 75,3% құрылыс-монтаж жұмыстары алады, 16% – күрделі жөндеу, 8,7% – ағымдағы жөндеу.

Тұрғын үй құрылысында орындалған құрылыс жұмыстарының нақты құны 2560,2 млн. теңге құрды немесе жалпы көлеміне 5,2%.

## "Қазақтелекомның" кемшілігі анықталды

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті "Қазақтелеком" АҚ Қостанай облыстық телекоммуникация дирекциясына қатысты табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар заңнамасының сақталуына, тиісінше Қостанай қаласы аумағында телефондық (кабельдік) көрізде талшықты-оптикалық кабельдерін

төсеуге жол бермеуінің заңдылығы жайында жоспардан тыс тексеріс өткізді.

Жоғарыда аталған тексеріс нәтижесінде "Қазақтелеком" АҚ ҚОТД әрекеттерінде "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" заңының табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын іс-әрекеттер жасау бабын бұзғаны анықталды.

Осыған орай, "Қазақтелеком" АҚ Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 164 бабының 4 тармағы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылып, үш миллион үш жүз тоқсан үш мың алты жүз теңге мөлшерінде айыппұл салынған.

Сонымен қатар, "Қазақтелеком" АҚ жіберілген кемшіліктерді жою туралы нұсқамасы шағарылып, толық көлемінде орындалған.

● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

# "Судың да сұрауы бар" немесе үнемшілдік басты назарда

Қостанай қаласының іргетасы қаланғалы тартылған су құбырлары ескіріп, шірігенін есептеудің өзі оңай емес. Тоқтаусыз жүрген су темір құбырды шірітпей қоймайды.

Соған қарап мамандар арнайы сараптама жүргізген. Мәселен, облыс орталығындағы су құбырларының ұзындығы бес жүз шақырымнан асса, соның 79% көнерген.

Шындығына келгенде, ескі құбырларды жаңасымен алмастыру жыл сайын қолға алынады. Дегенмен, жоғарыда аталғандай бес жүз шақырымдық құбырды толықтай айырбастау мүмкін емес. Сонда да "Қостанай-Су" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ішкі резервтерді тиісінше пайдалануда.

Бұған инвестициялық бағдарламаның ықпалы тиіп тұр. Бұл бағдарлама ҚР Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті облыстық департаментінің бекітуімен 2016-2020 жылдарға арналған.

Биылғы жылдың да сметалық құжаты әзірленді. Онда құбырларды қалпына келтіру жоспары белгіленген. Құбырлардың ұзындығы тоғыз шақырымға жуық. Белгіленген жұмыстарды сапалы атқаратын техника сатып алу да қарастырылған.

Алдымен, ағымды жөндеу қолға алынды. Оған 90 миллион теңге жұмсалды. Жаз айларында ақ ұзындығы екі шақырымдық

құбыр, қырық өрт гидранты, тұтыну арматурасы, бір жүзден астам су жинайтын колонкалар алмастырылды.

Гидроторап учаскелеріндегі, суды тазартатын қондырғылардағы отызға жуық насос жөнделді. Бұл белгіленген жоспардың сексен пайызы.

Осынау жұмыстардан кейін құрылыс учаскелері қазылған орларды тегістеп, үстіне асфальт төседі.

Кәсіпорын балансында он сегіз канализациялық насос стансасы тіркелген. Бұлардың да тозғандары жетпіс пайыздан асты.

Сырттан көмек алмай-ақ, қолдағы күшпен ішкі кварталдық көріз жүйелері жөнделді. Ұзындығы он алты шақырымдық құбыр тазаланды. Қырыққа жуық көріз жүйесі стансасының сорғылары қалпына келтірілді.

Енді су шаруашылығы жүйелерін жаңғыртуды несиелік қаржымен атқару жоспарлануда. Европалық банк арқылы 2016-2019 жылдар мерзімінде аталған шаралар жүзеге асырылмақ. Бұлар – суды тазартқыш қондырғыларға арналған хлорды гипохлоритке алмастыру, "Әуежай" шағын ауданындағы таза су резервуарлары құрылысы, ұзындығы он шақырымдық су құбыры жүйесін қалпына келтіру, суды тазартатын қондырғыларды жаңғырту, соның ішінде таза су резервуарларын, ішкі алаң жүйелерін айырбастау, дистанциялық бақы-

лау және SKADA басқаруды өндіріске енгізу, бақылау есептегіш құралдарын сатып алу және монтаждау, сумен қамтамасыз ету қондырғыларын қашықтан басқару және бақылауды қамтамасыз ету бағдарламалары, су құбырларына географиялық-ақпараттық жүйелерді және гидравликалық модельдерді енгізу, солар арқылы сумен қамтамасыз ету жүйелерінің компьютерлік модельдерін жасау және басқаруы.

Тұрғындар арасында жылу мен ауыз су үшін есеп айырысуды ұмытатындар бар. "Қостанай Су" бұл құбылысты тежеуді күн тәртібіне қойды. Кәсіпорынның абонент қызметі осы орайда әжептәуір жұмыстар атқаруда.

Жалпылай алғанда, абоненттер саны 86167-ні құрады. Соның 3141, яғни 3,6 пайызы, заңды тұлғалар. 271-і бюджеттік ұйымдар. 2870 түрлі абонент мүшелері.

Негізінде қаладағы суды тұтынушылар қатары қарапайым адамдар. Олардың саны – 83026, 96,4 пайыз. Мұның ішінде 63667 (76,7) абонент иелері көпқабатты үйде тұрады. Бұлар ауыз суды басқаларға қарағанда анағұрлым көп пайдаланады.

19359 адам жекеменшік үйде мекендейді. Бұлардың бірқатары ауладағы құдықтың суын тұтынады.

"Судың да сұрауы бар" демекші, құбырмен келетін таза суды есептеуді заман талап етеді.



Мұндайда суды есептегіш қондырғылардың пайдасы зор. 80290 абонент иесінің 72856-і су есептегішті орнатқан. Бұл – белгіленген жоспардың 90,9 пайызына тең. Әлі де суды қалай болса, солай ысырап ететіндер жеткілікті.

Кәсіпорынның қызметкерлері тұтынушылармен түсінік жұмыстарын мұқият жүргізсе де, қойылған талаптарды мойындамайтындар азаймай отыр. Соның салдарынан дебиторлық берешектер қатары өсті. Берілген мәліметтерге сүйенсек, қала тұрғындарының қарызы 72,2 миллион теңгеге жетті. Заңды тұлғалардың берешегі – 125,4 миллион теңге.

Тұтынушылардың және заңды тұлғалардың дебиторлық берешек көлемінің (екі есе) өсуіне үстіміздегі жылдың бірінші тамызынан тарифты толықтыру әсер етті. Соған байланысты кәсіпорын тиісті шаралар белгіледі. Ең бастысы бақылауды күшейту. Әсіресе, көпқабатты тұрғын үйлерде суды пайдалану көлемін есептеу күн тәртібіне қойылды. Арнайы топтар рейдке шығып, суды шектен тыс пайдаланып, ақысын төлеуге немқұрайлы қарағандарды мойын-

датты. Борышкер пәтеріндегі су құбырын жауып тастауға дейін барды. Мәселен, жеті айлық мерзімде елуден астам рейд жасалды.

Мұның сыртында мамыр айынан бастап тексеруші жеке бригада құрылды. Бригада мамандары күн сайын үй аралайды. Олар қарызын төлемегендердің пәтеріндегі су құбырын бекітіп тастайды.

Қалалық әкімдік жанындағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімімен бірлескен шараның да ықпалы артты. Олар жалға берілген пәтерде тұратындарға берешектер туралы ескертті. Бес жүз пәтердегі сексен абоненттің берешегі 885529 теңгеден асады.

Заңды тұлғаларды айыпқа тарту күшейтілді. Кәсіпорынның заң бөлімі қалалық сотқа шағым жазады. Соттың шешімімен кінәлілер жауапқа тартылды. Бұлардың төлемеген ақысы алты миллион теңгеден асқан.

**СУРЕТТЕ: "Қостанай-Су" кәсіпорнындағы атқарылып жатқан жұмыстардан көрініс. Суретті түсірген Айбек ЖҰЗБАЙ.**

## Пайдалы да, қажетті жоба

Қазақстанда құрылыс жобаларының саны артуда. Біздің қаламызда да пайдалы жобалар жыл сайын таңдап алынып, жүзеге асырылуда. Биылғы жылы белсенділік танытқан – "Сапа +" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып отыр.

Бұл ұжым "Д-900" мм сумен қамту магистралын жаңғыртуды мақсат етуде. Жобаны жүзеге асыруға екі жыл уақыт берілген. Мұнша мерзімді белгілеудің өзі көп жайды аңғартады.

Себебі, оның маңызы зор. Құрылыс пайдалануға берілгенде оның шапағатына тұрғындар

бөленеді. 225 мың адам мөлдір де, таза сумен қамтамасыз етіледі. Тіпті, ретсіз апаттар бола қоймайды.

Мұндай тұжырымды облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы жасап отыр. Басқарма басшысы Хайдар Қамбаровтың пікірінше, Қостанай қаласындағы су құбырларының ескіру мерзімін 2,4 пайызға кемітеді. Бұл – заман талабымен салыстырғанда үлкен көрсеткіш.

"Москва" су жүйесі келер жылға дейін жаңа нүктеге қосылатын болады. Ауқымды жұмыс

сапалы атқарылуда. Сұрастыра жүріп білдік, жобаның құны да қымбат. Бөлінген қаржы – 1 миллиард 664 миллион 857 мың теңге. Соның елу пайыздан астамы игерілді.

Шындығына келгенде, аса маңызды жоба белгіленген кестемен жүзеге асырылуда. Дегенмен, қол байлайтын мәселелер туындауда. Тапсырыс берілген жабдықтар уақытылы жеткізілмейді. Мердігерлермен келісім жасаған кәсіпорындар салдыр-салақтық танытуда. Мәселен, жеткізілген арматура сапасыз болды. "Қостанай Су" ұжымының

мамандары әлгі арматураны тексерді. Сарапшылар оны орнатуға болмайтынына көз жеткізді. Оны кері қайтаруға тура келді.

Басқа материалдармен қамтамасыз ететіндер іздестірілді. Қолға тиген арматураны қайта монтаждауға тура келді. Мұның барлығы уақытты созады.

Халық асыға күткен жобаның басталуын, сосын жұмыстардың атқарылуын жоғарыда аталған басқарма қатаң бақылауға алды. Бұлай жасамаса, тағы да реті келмейді.

Себебі, жобалық-сметалық құжат әзірлеушілер кәсіби ше-

берлік танытпайды. Байқауға қатысушылар қалалар мен аудандардағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімдері еді. Арнайы мамандар болмағандықтан жобалық-сметалық құжаттар әзірлегенде кемшілікке жол беріледі. Су құбырларын жаңарту кезінде сәйкестік болмай қалады.

Заман талабын түсінгендер енді жобалық-сметалық құжаттар мен техникалық тапсырыстар жасауды табиғи монополия субъектісіне беруге ұйғарым жасады. Егер де, жоба сумен қамтамасыз етушілерге тиесілі болса, онымен "Қостанай Су" айналысуы керек.

**СУРЕТТЕРДЕ: "Москва" су магистралын жаңғыртудан көріністер. Суреттерді түсірген Айбек ЖҰЗБАЙ.**



**Бетті дайындаған Ермекбай ХАСЕНОВ**

## ● АР-ДАУА

(Жалғасы. Басы газеттің өткен сандарында).

Ол зауалмен күресе алмаса, адам өзін-өзі жалмап құртады. Сондықтан да адамзат өмірі – мәңгілік айқас, мәңгілік күрес. Өркениетке арпалыспен аяқ басты, ғасырдан-ғасырға құштарлық, құмарлық дүмпуімен жетті. Ендеше, бұл ежелден-ақ көркемөнер атаулының өзекті, мәңгі бақилық тақырыбы. Сондықтан қай ғасыр, қай дәуірде болсын ақшаны, дүние-байлықты, оның зорлық-қорлығын, қайғы-қасіретін жазбаған жазушы кемде-кем, қазір де жазады, келешекте жазыла береді. Бір ғана қиярпұрыстық, күні бүгінге дейін бальзакиаданың (әсіресе кеңес дәуірі рухындағы орыс әдебиетшілері) өкілдері бәрі біртоға ақшаны құбыжық, кесепат, қараниет демон ретінде танытып келеді.

## Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

# “АҚША ДЕГЕН ӨМІР ҒОЙ!”

## немесе Бальзактың көз жасы


Бірақ жаңа айттық, ақша пайда болғаннан бері қанша қоғамдық формациялар ауысты, ауыса береді, бірақ бұл тағынан түспейтін феномендік құбылыс. Төрт ғасыр бұрын ағылшын философы Томас Гоббс мемлекетті – тірі ағзаға, ал ақшаны – оның қанына теңепті. Ақшасыз қоғам дамымайды. Алтын мен күміс монеталардың мемлекет дәрежесінде айналымға түскен жері, қағаз ақшаны да банктен шыққан жері, бәленің бар ошағы мұқым дүниеде Франциядан басталатынын қайтерсіз!

Жаһандық экономиканың жұлыны ақшаға тәуелді. Сол XIX ғасырда тұңғыш рет Парижде (1867) әлемдегі ақша қызметі алтынға баланып пәтуа да жасалған. Орта ғасырларда Франция көп елді әлімжеттікпен отарлады, тонады, алтын-күміс, мұқкамал – байлықты тасыды, төкті, шашты. Париждіктер, Биғаңша айтсақ: “Уа, кімсіз? – Французбыз!” деп қораз айдарлы галлар ұрпағының мейманасы тасыған. Дүниеқоңыздық ынсапсыз ындыны меңдеп, ашкөз құштарлық француз ұлтының ғасырлардан келе жатқан өлеуметтік түбір-тамырына балта шауып, жуадай солдырып жатқан кез. Бар гәп, міне, осы бір сан қырлы магиялық құдіретке ие болған ақша феноменінде. Қилы-қилы замандарда ақша факторы әлемдік көркем ой домнасында қайтіп пісті, қалай қорытылды? Буржуазияның балпаң перісі Бальзактың қолқасын қауып, алақан аясы ақ қағазды оттай қыздырып, жалындай шарпығанда көкейдегісі, көксегені, тапқаны не?

Сұржекей жазушыны бүлкілдеткен, дектеткен, жан терін шелектеп төктірген құдіретті құштарлық күшінің бірегей сыры неде жатыр? Мұны алыстан іздеудің керге жоқ екен. “Адам комедиясының” бешары – “Горио атайға” зер салсаңыз болғаны – алдыңыздан жамырап қоя береді! Туындының материалдық ресурстары мен архитектурникасы, троптық айшықтары зейініңізді баурап, бір сиқырына арбалып, соңынан томпаңдап ілесіп жүре беретіндей күйге түссіз. Ол сиқыр құмға аунатқан магниттей темір “шаштары” түзіліп Бальзактың қара басы туралы, дәуірнамадағы қыруар кейіпкерлері өре түрегеліп, кез-келген кітабынан шыға келеді. Көзге әп дегенде сүйелдей қадалатыны – сандар, есеп-қисаптар, тұнған бух-

галтерия! Айталық, романдағы оқиға алаңы – Воке пансионатын суреттейтін парақ беттерін сүзіп көрейік: “Париждегі Латын кварталы мен Сен-Марсо маңындағы аралықтағы Нев-Сент-Женевьев көшесінде 40 жылдан бері бар”. Пансионда 18 тұрғын бар. Тұрақтысы – 7 адам. Пансион 4 қабатты, әр қабатында 5 терезеден бар, 1 қабатта – қонақ үй мен асхана, 2 қабатта – Воке ханым; Кутюр ханым мен Викторина Тайфер, (екеуі жылына 1800 франк төлейді), 3 қабатта – Пуарье қарт пен Вотрен; (айына 72 франк төлейді), 4 қабатта – мадмуазель Мишано, Горио атай, Эжен де Растиньяк, Кристоф, Сильвия, студенттер, медиктер, заңгерлер, келіп кетіп жүретіндер. Пәтершілері айына 30 франк төлейді, кедей студенттердің 45 франктан артық жұмсауға

қаладым, тер шүмектеп ақты, бір сендер үшін деп өмір бойы жоқшылыққа көндім. Қандай зілді болса да, қандай еңбекті болса да, қаңбақтай жеңіл көргенім сендердің арқаларында. ғана. Енді ғой менің өмірім, менің дәулетім бар ғой, күл боп ұшпақ!” деп зар илейді! Бейбақ шалға өмірдің басқа қызығы бұйырмаған Алабөтен фанатик! Бірақ фанатик болса да, анау айтқандай кеңкелес те емес. Байқасаңыз, Горио қанша қиналып ақшаға тарықса да, Бальзак оған банк тонатқан жоқ, кісі өлтірткен жоқ, пендеге қылаудай қиянат жасатқан жоқ. Тіпті кейде оның байлыққа әбден құныққан деп те айтудың өзі күмәнді. Романнан қыздарына деген күйініш-ашыныс үстінде айтқаны болмаса, ақша жолындағы кесірілі іс-әрекетін көрмейсіз.



**Бір есеппен ойласақ, Горионың “Он саусағымнан өнер тамады, миллиондап ақша тапсам, дәулетті болсам” дегенінің өзі айып па екен? Атам заманнан бері ет пен сүйектен жаралған еті тірі пенденің күйлі, дәулетті өмір сүрсем деген ішкі арманы қоғам заңдылық қой.**

Олай емес деп үзілді-кесілді айту ақиқатқа қиянат. Рас, бізде, әмбеге аян, көшегі кеңес заманында адамның жеке басының баюына жол берген жоқ. Мемлекеттің байлығы – халықтың байлығы деген құрғақ декларацияға имандай сендірді. Дәулетті, бай адамды оның адами қасиетіне қарамастан қоғамға жат элемент, арамтамақ, кесепат, жексұрын деген сірескен, сыңыржақ қоғамдық пікірді санаға шегелеп тұрып шегендеген. Бай адам ешқашан адал жолмен байымайды, деп, оған адамзаттың бүткіл жүріп өткен тарихының тырп еткізбейтін аргументтерін көлденең тартып аксиомаға айналдырған. Осы ұғыммен талай ұрпақ өсті, талай ұрпақ алмасты. Ақыр аяғында бай мен кедей, дәулетті мен орташа, күйлі мен күйсіз бар қоғамға қайта айналып келдік. Ақ-адал еңбегімен дүние тап, байы, дәулетің мен сәулетіңді жарастырып өмір сүр деген ұғым – біздің бүгінгі заманымыздың ұраны.

Байқасақ, біздің ұранымыз Бальзак заманының етене шындығымен тіндестігі бар. Туындыда қанша жерден зар илесем, Горио капиталға, ақшаға лағынет айтпайды, қарғап сілемейді! Керісінше: “Ақша деген – өмір ғой! Ненің болса да тетігі-ақшада” – дейді. Дейді де өзі көрген қатігездік пен қасіретті өз пейілінен, қыздарынан табады. Әке махаббатын талдап-тапылап беретін, төрешісі де, соты да басқа емес, Горионың өзі. Ақырет күні сандырақтап жатып: “...Өз күнем – өрескел сүйіспеншілігімнің өтеуін қайырдым ғой түгелімен. Өз ықыласымның төлеуін екеуі де жөндеттерше қатал қайырды, денемді тістеуікпен жұлқып паршалады.

**Әке атаулыны аяқпен таптаған күнде – отанымыздың аты өшкені. Анығы солай, әкелік деген – қоғамның бүкіл дүние жүзінің тірегі, бала атаулы әкелерін жек көретін болса, қоғам, дүние жүзі түгел күйрейді” деп күңіренеді.**

(Отбасындағы әке беделінің күл-талқаны шықты деген қоңырау сол кездегі өлеуметтік дағдарыстың бір белгісі болатын) “Бұлардың екеуі де тасжүрек ғой! Өзімді жақсы көрсін деп мен де оларды ересен жақсы көретінмін. Күнә мына менікі! Өзімді аяғымен таптауды үйреткен мен оларға. Солай істейтін ұнайтын еді маған. Дегенмен онда кімнің ісі бар, адамның да, құдайдың да ісі жоқ, Сол екеуін мен үшін жазалаған күнде, құдайда еділдік дегеннің болмағаны. Өз орнымды білмеппін мен, өз праволарымнан бас тартамын деп – ақмақшылық істепмін. Солардың көңілі тынсын деп өзімді өзім кемдікте ұстаппын! ...Мен үшін өз балалары-ақ берер сыбағаларын. ...Құдай бар аспанда, көңіліміз қалай ма, қаламай ма, әке атаулы мына біз үшін сол тарттырады сазайларын!”.

Битін сығып, қанын жалайтын халге жетіп, жарық дүние көз алдынан дөңгеленіп өтіп бара жатса да, Горио өз қанынан шыққан қыздарының бойына адамдық мейірім мен қайырым ұрығын еге алмағанына шерленсе де, қарғағандай аһ ұрса да: “Құдайым-ай! менің көзім жұмылған күнде олардың дәулетін кім қайырып берер. Одессаға осыларға бола барғым келеді. Одессаға, вермишель жасауға” – деп, санасының інінен дүниеқоңыз атжалманы да атып шығады. Ол тіпті өлуге де қорқады, себебі, қыздары ақшасыз, дәулетсіз сорлап қалмақ. Он жылдан бері қыздары бірде-бір рет жүрегін жібітпегенін, жібітпейтінін де іштей түсінсе де, бейнеті – сорға, қасіреті – зарға айналса да, Горио көзі жұмылғанша кіндігінен жаралғандарынан күдерін үзе алмады. “Ажал жақындап тұрса да, жанына қылыш ұрса да, қалжырап көңілі қарайып, қарауытып көңілі тұрса да – үмітін қоймас адамзат!” (Бұхар жырау). Баласы үшін аң – орға, құс – торға түссе, адам екі аяқты саналы хайуан ғой: “Беремін батамды, бердім батамды екеуіне, – деді де, дереу есінен танды”.

Өзінің бес күн жалғандағы саналы ғұмырын итше талаған қыздарын әке жүрегі бәрібір қиянатқа қия алмас еді. Себебі – ол сүйді! Бұл санасыз биологиялық инстинкттен ада, адами сүю. Мұның ақылға, миға қатысы шамалы – жүректің ісі! Адамға біткен аламан сезім!

**Бірақ, “денесі қарайып, шірік кеулеген қоғамда” (романдағы қаскүнем Вотреннің сөзі) адамды сүю – қорлық! Адамды сүю – қасірет екен!**

Қайыра айтсақ, 35 жастағы Оноре де Бальзак жан-жүрегін сыздатып тыным бермеген ішкі дертті ақ қағазға лақылдата төгіп отырып, қырық күн “мұңдасқан”, жанкешті “жан жолдасы” Гориосымен “бақұлдасып”, кәдімгі пәнилік ғұмыры мен рухани дүниесі бір өлемге тұтасып кеткенін өзі де аңдамай қалды! Оның үстіне осынау жұмыр жердегі саналы тіршілік иесі – аса мәртебелі Адамның Адамды мәңгілік Сүю қасиеті мен сөнбейтін Рухының бір күесі – “Горио атайы” – көркем шығарма жарық дүниеге шырқырай келіп, мұның уысынан шықты да кетті!

Бұл осыдан тура 180 жыл бұрын небәрі отыздың белортасына жеткен балпаң жігіттің өзегіндегі ыстық жалынымен шарпи шалқып, әдебиетке атойлап кірген тұсы болатын! Гориосы, Растиньягы мен Бьяншоны, Гобсек, Вотрен және басқа да жанып тұрған жанкешті кейіпкерлері тұңғыш рет бой көрсетіп, бұл туынды “Адам комедиясының” эпицентріне айналған еді. “Енді біліп қойыңыздар: бұл драма қиялдан тумаған, бұл роман да емес.

(Жалғасы бар).







## Заманауи оқу ордасының міндеті – кәсіби маман даярлау

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты еліміздің солтүстік аймақтарындағы кәсіби-педагогикалық, жан-жақты ғылыми білім беретін және зерттеу орталығына айналады. Бұл оқу орнының міндеті – кәсіби біліктілігі жоғары, қазіргі заманға сай педагог даярлау.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының жарқын болашақтағы даму бағдарламасында "Қазақстан-2050" стратегиясын табысты іске асыру жолы таңдалып, жоғары мектептерді дамытудың жаһандық үрдісіне сай стратегиялық бағыттары анықталған. Олардың негізгілері төмендегідей:

1. Қазіргі заманға сай институтты тамамдаған педагогтың құзырлық моделін енгізу, яғни, ол екі модельді біріктіреді: мұғалімнің құзырлық моделі және заманға сай педагогтарды оқыту моделі. Құзырлық модельдерді іске асырудың негізгі нәтижелері:

– білім беру қызметтерінің сапасын халықаралық деңгейге көтеру;

– зерттеу бағыттарын кеңейту және ғылыми жетістіктердің санын арттыру;

– институттың ғылыми зерттеу қызметін жетілдіру және ғылыми жетістіктерді ішінара коммерцияландыру.

Білім беру қызметтерінің сапасын халықаралық деңгейге көтерудің негізгі жолдары мынандай: қазіргі заманға сай оқыту әдістемесін енгізу және оқу үлгерімін бағалау; білім беруді модельдік жүйеге толық көшіру; икемді білім беру траекториясына көшу; тәжірибелік сағаттар санын арттыру және өзіндік жұмыстар сапасын көтеру; көп тілді оқыту бағдарламасын кеңейту; сыртқы академиялық ұтқырлық үлесін арттыру.

2. Білім беру қызметін жаңғырту, еңбек нарығында қажеттілікке сай жаңа білім беру бағдарламасын әзірлеу.

3. Түлектерді жұмысқа орналастыруды ұлғайту және олардың мансаптық өсуі мансаптық орталықтардың ашылуына да байланысты, себебі олар түлектерді жұмыс берушілердің бос орындары туралы хабардар етіп отырады, студенттермен семинар өткізіп, оларды түйін дайындауға және сұхбаттасудан өтуге үйретеді; студенттер үшін сынамалық сұхбаттасулар жүргізіледі.

4. Зерттеу бағыттарын кеңейту және ғылыми жетістіктердің санын арттыру. Ғылыми әлеуеттің дамуының негізгі саласы әрбір жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми құзырлығының өзекті бағыттары; профессор-оқытушылар құрамын барынша тарту, білім алушылардың ғылыми зерттеулерін қаржыландыру; міндетті ғылыми бағдарламалар мен шетелде тәжірибеден өту жобасының шығынын қаржыландыру, профессор-оқытушылар құрамының ғылыми құзырлығын тұрақты көтеру үшін жағдай туғызу.

Ғылыми жетістіктерді ішінара коммерцияландыруды дамыту мақсатында технологияны коммерциаландыру кеңсесі құрылды. Оның атқаратын қызметтері: кірісті көбейту мақсатында зияткерлік меншікті басқару; Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының әзірлемесі негізінде серіктестермен біріге отырып, инновациялық және стартап-жобаларды іске асыру.

5. Білім беру ұжымында ғылыми-негізделген тәсілдерді ұйымдастыру және дамыту мақсатында Білім тарату кеңсесі құрылды. Оның негізгі атқаратын міндеті: ақпараттық жүйе арқылы технологиялық сипаттағы

ақпараттарды тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, тікелей тарату, өзге де арналар жүргізу, тәжірибе жүзінде озық инновацияларды пайдалана отырып, қысқа мерзімді білім беру семинарларын өткізу және оларды білім беруде пайдалануды көрсету; Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты профессорлық-оқытушылар құрамы тікелей кеңес береді.

6. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында институттың құрылымын жетілдіру ұсынылады және оның бөлімшелері арасындағы нақты өкілеттік шектеулер қойылады.

Кафедраларға, деканаттарға бағынатын болады, олар өз күштерін білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға және білім беру қызметтерін жетілдіруге жұмсайды.

Кеңселер белгілі бір ғылыми бағыттың дамуына қолдау жасайды немесе басқа да мәселелерді шешеді.

Негізгі әкімшілік, департаменттер. Оған әр түрлі бөлімдер кіреді, олардың атқаратын қызметтері факультеттер мен кеңселердің жұмыс істеулеріне жағдай жасауға бағытталады.

Сондықтан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының даму бағдарламасын жүзеге асыру, институтты кәсіби – педагогикалық, ғылыми білім беру және зерттеу орталығына, білім беру қызметтерінің сапасын халықаралық деңгейге көтеруіне және институт тек Қазақстанның Солтүстік аймағында ғана емес, республика бойынша жетекші жоғарғы оқу орнына айналатындығының кепілі болады.

**Гүлмира ДАМБАУЛОВА,**  
**М.Дулатов атындағы**  
**ҚИНЭУ экономика факультетінің деканы, э.ғ.к., доцент.**

### Алғыс айтамын

Қостанай облыстық ауруханасының хирургия бөлімінің бас хирургі Қанат Мырзағалиевич Абиленге және емдеуші дәрігер В.В. Ханға, бөлімше медбикелеріне алғысымды білдіремін. Өмірде бақытты, абыройлы болуларыңызға тілектеспін. Мені емдеп жазғандарыңызға шын жүректен алғыс айтамын.

**Батыр ана Зибәгул Қапышқызы Нұрбек.**

Жанкелдин ауданы, Қызбел ауылы.

### Асқа шақырамыз

Анамыз, әжеміз **Ербатырқызы Әлкеннің** дүниеден озғанына 1 жыл толуына байланысты берілетін асқа ағайын-туыс және барша таныс жамағатты шақырамыз.

Ас берілетін елді мекен: Қостанай ауданы, Семенов ауылының мешіті, 2016 жылдың 23 қазаны, сағат 12.00.

**Ташмағанбет әулеті.**

Иванов Александр Васильевич сенімді тұлғасы Турбабин Илья Леонидович, кепілдік мүлкті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Первомай ауылдық округінің аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған 55,0 га көлемі, кадастрлік нөмірі 12-185-030-246, 161,2 га көлемі, кадастрлік нөмірі 12-185-030-031 жер учаскесіне жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізеді. Сатып алу бағасы қолма-қол ақшамен сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі. Сауда 2016 жылғы 4 қараша 10.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Боровской к., Алтынсарин көш, 41 үй. Өтінімдер 2016 жылғы 3 қараша 18-00 сағатқа дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай к., Дзержинский көшесі, 61Б үй, телефон 8-707-627-35-83.

Доверенное лицо Иванова Александра Васильевича Турбабин Илья Леонидович в порядке внесудебной реализации залогового имущества, объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования на земельные участки, расположенные на территории Первомайского сельского округа, Меңдыкаринского района, Костанайской области, предназначенные для ведения крестьянского хозяйства: кадастровый номер 12-185-030-246, площадью 55,0 га, кадастровый номер 12-185-030-031, площадью 161,2 га. Покупная цена вносится наличными деньгами в течение 5-ти календарных дней с момента проведения торгов. Торги состоятся 4 ноября 2016 года в 10.00 часов по адресу: Меңдыкаринский район, с.Боровское, ул.Алтынсарина, д.41. Заявки принимаются в срок до 18-00 часов 3 ноября 2016 года по месту нахождения доверенного лица: г.Костанай, улица Дзержинского, 61Б, телефон 8-707-627-35-83.

## 12 өрт бекеті ашылды



### ӨМІР САПАСЫ

## Мектептегі өрт-тактикалық жаттығу

Қостанай ауданы әкімдігі білім бөлімінің Затобол мектеп-гимназиясында өрт-тактикалық жаттығу өтті.

Жаттығудың тактикалық болжамы бойынша электр сымдарының қысқа тұйықталуы нәтижесінде мәжіліс залында сахнаның тұтануы орын алды. Қызмет көрсету персоналы жануды байқағаннан кейін мектеп директорына және өртке қарсы қызметіне хабарлаған. Өрт сөндірушілер келгенге дейін педагогтар мектеп оқушыларын эвакуациялаған болатын. Бірінші болып өрт орнына №10 ӨСБ кезекші қарауылы келді. Өртке барлау және бағалау жасағаннан кейін шақыртудың жоғарғы номері жарияланды.

Затобол мектеп-гимназиясының бастауыш сынып оқытушысы Ольга Герасимованың сөзіне қарағанда "Осы тәріздес өрт сөндіру жаттығулары мектеп үшін өте маңызды, өйткені балалар төтенше жағдайларға бой үйретуі және пысықтауы тиіс, шын мәнінде дабыл болған кезде ғимараттан еш бей-берекетсіз және үрейсіз шығып кетулері керек". Ғимаратта өрт сөндірушілер жұмыс істеп жатқанда оқушылар мектеп стадионында қауіпсіз ара қашықтықта болды.

Барлығы жаттығуға 6 автоцистерна және 1 автосаты, Қостанай ауданы Затобол п. № 10 өрт сөндіру бөлімі және Қостанай қ. 1-ӨСБ, 2-МӨСБ қатысты.

Өрт-тактикалық жаттығу аяқталғаннан кейін өрт сөндірушілер 1-2 сынып оқушылары үшін өрт сөндіру машиналарының кішігірім көрмесін ұйымдастырды. Өрт сөндірушілер балаларға өрттің



негізгі туындау себебі, өрт сөндіру құралдары туралы айтып берді және өрт техникасының жұмыс принципін түсіндірді. Олар әңгімені қызығушылықпен тыңдады, алайда олар үшін ең қызықтысы өрт сөндіру машинасының ішіне кіріп, бәрін өз көздерімен көру болатын.

Оқушылар қолдарынан ұялы телефондарын түсірмей аса бір қызығушылық сезіммен өрт техникасының және өрт сөндіруші экипировкасының жанында суретке түсіп жатты, олар үшін бұл неғұрлым ойынға жақын болды, алайда шын өмірде осы көргендердің барлығы олардың өмірін құтқарып қалуға септігін тигізеді анық.

**"Қостанай облысы ТЖД ӨС және АҚЖҚ" ММ баспасөз қызметі.**

13 қазанда Қарабалық ауданының Новотроицк селосының "Новотроицк-1" ЖШС базасында № 12 жеке өрт бекетінің ашылуы болды. Өрт сөндірушілердің жаңа бөлімшелерінің құрылымы Новотроицк және Победа ауылдық округтерінің аумағынан алыс орналасқан 9 ауылды қосымша өртке қарсы қорғаумен қамтамасыз етеді. Қорғалатын елді мекендердегі тұрғындардың саны 2 мыңнан астам.

Қостанай облысында құрылған осы бекет есеп бойынша 12-ші болып келеді. Осындай бекеттер Әуликөл, Таран, Жітіқара, Қостанай және Ұзынкөл аудандарында жұмысын істеуде.

Бекеттің штаттық саны 10 адамды құрайды. Оларға ғимарат пен бір Урал-375 өрт автокөлігі бөлінді. Одан басқа, жаңа құрылған өрт құрылымы үшін Қостанай облысының ТЖД департаментімен техникалық жарамды күйде өртке қарсы құралдар жиынтығы мен киім-кешекпен жабдықталуына көмек көрсетті.

"ӨС және АҚЖҚ" ММ Кәсіби даярлық мектебінің командалық – ұстаздар құрамымен "Новотроицк-1" ЖШС өрікті өрт құрылымдарының 4 жүргізушісі мен 6 өрт сөндірушісіне 40 сағаттық бағдарлама бойынша оқыту жүргізілді. Санаттық комиссия аяқталғаннан соң сынақтар қабылданып лауазымдар бойынша бастапқы даярлықтан өткені туралы сертификаттар берілді. Енді Новотроицк селосында тәуліктік кезекшілікті жауынгерлік есептер жүргізеді.

Бекетті ашу рәсіміне Қостанай облысының Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Т.Кәкімов, Қарабалық ауданы әкімінің орынбасары А.Сарин басқа да қонақтар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жиналғандарды құттықтай отыра, "Новотроицк-1" ЖШС базасында жаңа өрт депосын ашуға мүмкіндік бергені үшін азаматтық қорғау полковнигі Талғат Кәкімов Анатолий Витольевич алғысын білдірді. Новотроицк және Победа ауылдық округтер тұрғындарының қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

**Қостанай облысының ТЖД Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы.**

Фотоэюдті түсірген: М.ЖҮНІС.



## Сүйікті газет келгенде!

## Елімнің мақтанышы – еңбек адамы

Жуырда Л.Толстой атындағы облыстық ембебап кітапханасында «Ашық есік» күні өтті.

Арнайы ұйымдастырылған іс-шара таңертеңгі сағат 10:30-дан кешкі сағат 18:00-ге дейін жалғасты. Сол іс-шаралардың бірі – «Баян Сұлу» АҚ Қостанай кондитерлік фабрикасының өкілдерімен кездесу. «Баян Сұлу» АҚ Қостанай кондитерлік фабрикасы 40 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Фабрианың толық құрылысы біткені жайында 1971 жылы 30 қарашада фабрианың директоры В.Ф. Крячучко өкімшілік-тұрмыстық ұжымға жариялайды. 1974 жылдан бастап фабрика толыққанды жұмыс істей бастады. Осы күннен бастап фабрика қазіргі уақытқа дейін тәтті өндіріп келеді. Кондитер кәсіпкердің көптеген түрлерін шығарады. Өнімдер тек қана Қазақстан да емес, сонымен қатар, Қырғызстан, Әзбекстан, Қытай, Германия сияқты елдерге экспортталады. Кәсіпкердің құрамындағы өнімдердің 50%-нан астамы шетелден әкелінеді. Кәсіпкердің құсқа ұқсас марканың тарихы ең алғаш өндірілген «Птичье молоко» кәсіпкерімен байланысты. Ол еркін құс, әрі қазақтың оюын елестетеді екен.

Кездесуге болашақ осы мамандық бойынша оқитын студенттер, яғни кондитерлік мамандықты оқитын студенттер келді. Студенттер өздерінің көкейінде жүрген бірнеше сұрақтарға жауап алды және болашақ мамандық таңдауда қателеспегендіктерін сезінді. Өндірістік бөлімнің басшысы Шаповалова Наталья Николаевна кәсіпкер жасаудағы барлық процестерді тәптіштеп анық әрі түсінікті тілмен айтып берді.

Алмагүл ТАЛҒАТҚЫЗЫ, ҚМУ-дың 3-курс студенті.



алған жарадан оңалмай, о дүниелік болды. Әжеміз үйдегі балалардың үлкені болыпты. Балалық шақтың қалай өтіп кеткенін де сезіне алмапты. Себебі, ол кезде мектептің болмауына байланысты 4 сыныпты Үйқызылда аяқтаған соң, бір жыл Чехов кентінде, келесі жылы – Абайда, одан арғысын Үйкескенде оқуға мәжбүр болды. Үстінде дені дұрыс жылы киім де жоқ.

– Өйтсе де оқудан қалмауға тырыстық, – дейді Зәкәз әжей. Жетінші сы-

уақыт өтті, о дүниелік болғанына. Сосын жастық шағы есіне түсіп кеткен қария, жанары күлімсіреп, тағы қосты:

– Біз отбасын 1954 жылдың 14 ақпанында құрдық, ал, бір айға жетпей, наурызда біздің жаққа Украинадан тың көтеруші қыз-жігіттер келе бастады. Күйеуіммен екеуіміз де осы тың науқанына кірісіп кеттік. Біз де онда жаспыз ғой. Қайда ғана істемедік! Соқамен жер де жырттық, «Дизель» деген тракторға да міндік, басқарма сауыншы бол дегесін, сиырға да бардық. Мен

ның қазір алтауы бар. Өр баланың, әрине, орны ерекше. Балалардың үлкені – Ғалия, осында бухгалтер болып еңбектеніп жатыр. Құралай болса – мұғалім, ұлым Ғалымжан отбасымен Сургут қаласында тұрып жатыр, қызым Күлбәрәш Торғайда, Красное деген жерде тұрады. Мен Сабыржан ұлымның қолында Құмар – кенжеммен бірге тұрып жатырмын.

Сексенді еңсерген ана: «Жиі ауырып қаламын, – дейді. – Өйтеуір дәрігерлерге рахмет, системаларын қойып,

## Ана бақыты

– Ө, қарағым, амансың ба! Өзім де біліп едім келетініңді. Сен маған сіңілі болып келесің ғой. Аталарымыз бір жерден – Үйқызылдан шыққан емес пе? Мен сенің әкең Алпамышты да жақсы білуші едім, – деді жадырай күліп, бетімнен сүйіп қарсы алған Зәкәз Ұәлиқызы.

Міне, қазақилығымыздың бір кереметі осы – сөйлесе келе біз өзімізге туыс адамды қандай жағдайда болсын тауып аламыз.

Сонымен әңгімеміз Зәкәз Сәттібаева жайлы болмақ. Дүниеге шыр етіп келгеніне дер сексен жыл. Бала болды, қатарларымен ойнады, күлді. Ел басына түскен 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысының ауыртпалығын бала болса да жүрегімен сезіне білді. Сол кездегі қиындықтарды өз иығымен көтеріп, өз көзімен көрді. Соғыстан ауыр жарақаттанып келген әкесі ұжымшарда соңғы күндеріне дейін еңбектеніп, өйтеуір соғыстан

ныпты тәмәмдаған бойы оқуды тоқтатуға мәжбүр болды, өйткені өзінен кейінгі кіші сіңлінілері өсіп қалды, оларды оқыту қажет болды.

– Анама көмектесіп, колхоздың жұмысына кірісе бастадым, – деп күрсінді ақжаулықты ана. Сосын сәл ойланып кідірді де, әңгімесін жалғастырды. – Сол кезде мен 13-14-тегі жасөспіріммін ғой. Бірақ анама көмектесу қажеттігін түсіндім, сондықтан ештеңеден аянбай жұмыс істей бастадым. Ол кезде біз Маркс – Үйкескенде тұрып жатқанбыз. Он жеті жасымда Қуантай Нұғманұлы Нұрымов деген жігітке тұрмысқа шықтым. Жолдасым өзімнен он жас үлкен болды. Соғысқа қатысқан, сол жақта 1943 жылдан 1950 жылға дейін жүріп келді. Өміріміздің 57 жылын бірге өткіздік, алты жылға жуық

ол кезде жаспын, сиыр саууды білмеймін. Мария деген орыс әйелі сиыр саууды апта ішінде үйретті ғой. Кейін қой фермасында да еңбектендім. Отарымда тоқсан бас қой төлдерімен болды. Токта да жұмыс істедім.

Әжейдің қамзолының өңірі түрлі-түрлі төсалқаларға толы. Медальдарын қарап жатқанымызды аңғарған әжей күлімсіреп сөзін жалғастырды:

– Кеңес дәуірінде «Материнская слава» медалімен үш рет, Елбасымыз Н.Назарбаевқа да мың бір алғыс, аналарды құрметтеп «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсалқаларымен марапатталдым. Ол кезде жас отбасының өмірі үлкендердің қолында болды ғой. Қазіргідей бір-екі бала туып тоқтап қалуға онда біздің мүмкіншілігіміз болған жоқ. Дүниеге әкелген он екі бала-

дәрілерін беріп, аяқтандырып отырады. Қолымдағы келінім Маржан Байтұрсынқызына да дән ризамын. Рахмет. Туған шешесінен артық күтеді. Өзі орталық ауруханада балалар бөлімінде еңбектенеді, бірақ менің көңіліме қарап, үнемі барын ұсынып отырады. Міне, көрдің бе, мына бөлмені қалай түрлендіріп қойды.

Шынымен, төбеде, қабырғаларда жалаушалар, мерекелік сөздер бөлменің шырайын ашып тұр.

– Бақыттымын. Қиындық та болды. Еңбектің дәмін таттым. Жақсылық та көрдім. Бала сүйдім, қазір балаларымнан тараған тоғыз немере, сегіз шөберем бар. Тәуба құдайға. Өміріме ризамын, — деп аяқтады сөзін абзал ана.

А.ӨМІРИНА.

Ұзынкөл ауданы.

## Тоғызқұмалақтан топ жарды

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Қостанай қаласында өткен облыстық жастар чемпионатында (16-18-20 жас) арқалықтық спортшылар 5 алтын, 5 күміс, 5 қола медальға қол жеткізіп, командалық есепте топ жарды.

Жарысқа облысымыздың түкпір түкпірінен 8 команда қатысып, бақ сынасқан.

Тоғызқұмалақтың "классика" және "блиц" деп аталатын (ұзақ және қысқа уақыт) ойындарынан Камила Қаненова (18 жас, классика және блиц), Ақбота Сәуарова (16 жас, классика), Венера Кәкімова (20 жас, классика), Шыңғыс Сырбай (20 жас, блиц) бірінші орынды қанжығалады.

Жеңімпаздар алдағы қараша айының 2 - 14 күндері Талдықорған қаласында өтетін ҚР жастар чемпионатына жолдама алды.

Арқалық қаласы.

### Меншік иесі:

“Қостанай таңы” газеті редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор **ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.

Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44. Жауапты хатшы: 54-67-65. Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

### Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36. Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42. Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25.

Жарнама бергізіп келсе: 39-26-88, 54-33-22.



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88. Компьютер орталығы: 54-54-45. Корректур: 54-34-49.

### Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91. Рудныйда: 8-714-31-2-72-56. Аманкелдіде: 2-17-40. Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02. Сарыкөлде: 2-25-17.

### Редакцияның мекенжайы:

110000, Қостанай қаласы, Өл-Фараби даңғылы, 90.

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г күлігі берілген. Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.